



УДК 821.513.122

Иманжапар Мұрат Тлегенұлы

филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАЙЫСПАС ҚАРА НАРЫ – ҚАЙЫМ

Мақалада Алаш арыстарының соңғы тұяғы, асылдардың сынығы, ел келешегін ойлаған кемел жүрек иесі Қайым Мұхамедханұлының ғалымдық жолы, кісілік келбеті мен адами биігі жайында баяндалады.

Мақала авторы Қайым Мұхамедханұлының ұлы ақын өлеңдерін жинаушы, Абай мұрасының жазылуы, басылуы тарихын зерттеген историограф, үш-төрт басылымына түсініктеме жазған библиограф, Абай шығармаларының дұрыс жазылуын жүйелеген текстолог, Абай және оның ақындық дәстүрі хақындағы монографиялық еңбек бітірген теоретик, сол дәуірдегі әдеби нұсқаларды, ел аузындағы жыр-өлеңді, әңгіме-аңызды қағазға түсірген фольклорист ретіндегі еңбегін дәріптейді.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, Алаш зиялылары, ұлт тарихы, ұлт руханияты,

В статье рассматривается путь становления великого ученого, последнего потомка алашординцев, человека с благородным сердцем, думающего о будущем своей страны – Каюма Мухаметханова.

В статье говорится о Каюме Мухаметханове: как о библиографе, написавшем пояснительные записки к 3-4 печатным изданиям творчества Абая; как о историографе, изучающем наследие Абая, историю написания и печати творчества великого Абая; как о собирателе стихотворений – произведений великого акына.

Он является текстологом правильного написания произведений Абая; теоретиком, написавшим монографию об Абае и его литературных традициях; фольклористом, собравшем примеры литературного наследия той эпохи, примеры устного народного творчества – стихи и песни народа, рассказы и легенды.

Ключевые слова: казахская литература, интеллигенция Алаша, история народа, духовность народа

The article discusses the path of becoming of a great scientist, the last descendant of Alashorda, a man with a noble heart, thinking about the future of his country – Kayum Mukhamethanov.

The article speaks about Kayum Mukhamethanov: as a bibliographer who wrote explanatory notes to 3-4 printed work editions of Abai; as a historian studying the legacy of Abai, the history of writing and printing the works of great Abai; as a collector of poems, the works of the great akyn.

He is a textologist on the correct writing Abai's works; a theorist who wrote a monograph about Abay and his literary traditions; folklorist, who collected examples of the literary heritage of that era, examples of oral folk art – poems and songs of the people, stories and legends.

Keywords: Kazakh literature, Alash intelligentsia, history of a people, spirituality of a people

Қазақ халқы өзінің сан ғасырлық даму тарихында қаншама қиындықтарды басынан өткеріп, ғұмырдың тар жол, тайғақ кешулері мен тікенекті белдерден, азапқа толы асулардан өтті. Ал қазақтың ұланғайыр сайын сахарасы мен алып даласы қаншама құрбан болған

жазықсыз жандардың көз жасына, ұлты үшін азап шегіп, алысқа айдалған Алаш ардақтыларының қыл үстіндегі өмір жолдарына куәгер болып, өткен тарихтың қасіретті қойнауынан сыр шертеді. Небір халқымыздың қайсар рухты өр мінезді асыл ұлдары, ұлтты

алға жетелеген қырандары, қылышынан қан тамған кезеңде елім, жерім деп түрменің тар қапасына қамалып, қозыдай көгенделді. XX ғасыр – қазақ халқының тарихында қайғы мен мұңның, Алаш көсемдерінің азапқа ұшыраған өмірінің шерлі ғасырының көңілсіз көрінісі болды. Солардың бірі және бірегейі, Алаш көсемдерінен тағылым алып, солақай саясат пен кеңес заманының түрме-лагерлерінен өтсе де, мойымай, әкімшіл, әміршіл билікке бас иемей, өзінің ұлттық болмысын сақтап, еліміздің тәуелсіздігіне дейін жеткен ғұлама ғалым, абайтанушылардың көшбасшыларының бірі – Қайым Мұхамедханұлы болатын-ды.

Қайымның жазықсыз жалаға ұшырап, 25 жылға бас бостандығынан ажырап, ұлт руханияты үшін мыңмен жалғыз алысқан толағай тұлғасы, күрескен кісілік келбеті, қайраткерлік қыры бүгінгі тәуелсіздік дәуірінің ұрпақтарына үлкен мақтаныш. Адам айтса нанғысыз ауыр азаптар мен адам баласына тілемейтін айуандықтың сан түрлісін көріп, жаны жапа шексе де, ұлтымыздың рухани тұлғаларына деген адалдықпен, қазақы құндылықтарға деген асыл ниеттен еш ауытқымай, барлығын да бір өзі көтере білген тұлғаны ұлттың хас жанашыры, ақиқат күрескері демей кім дейсің..?

Қайым Мұхамедханұлының өзге биіктерден ерекшелігі де, заңғарлығы да, қайтпас қайсар рухты күрескерлігі де осы қасиеттерінде жатқан сияқты. Қазақ ұлтының тәуелсіз болашағы мен бодансыз бақытты таңы үшін жанын пида етіп, отбасын, балаларын тастауға мәжбүр болып, ұзақ уақыт бойы айдауда жүруі, тергеушілердің тегеуірінді қыспағына төзіп, лажсыз мойындатуға тырысқан әрекеттеріне жан дүниесімен, ұлттық сана биігімен қарсы тұруы тұлғаның тағдырын тас түнекке қамады. Тас түнекке түнеген тағдыр ауыртпалығы мен зардабын ала келсе де, шындыққа жүгініп, адалдықты ту етіп, асқақ рухы аласармаған абзал азаматтың ғұмыр белестері баршаға ой тастары анық.

Қ.Мұхамедханұлы негізінен тағдырлы ғалым, өмірдің ауыр-ауыр сындарынан өтіп, шеңгел төселген шерлі ғұмыры естіген адам жанын мұңлы ойдың дариясын батырады, жүрекке күздің көңілсіз күңгірт күндеріндей мұң мен қайғының салқын лебін естіреді. Қайымды тағдырлы тұлға дейтініміз де сондықтан. Оның тағылымға толы есті естеліктерін оқи отыра, көңіл көкжиегімен күрсінбеу, рухыңмен сезінбеу хәм жанарыңды

жасқа шылап, жүрегіңмен езіліп үгілмеу, әсте мүмкін емес. Ойымыз дәйекті болу үшін абзал ағаның естеліктеріне кезек берелік. Ол өз естелігінде: «...Тергеушілер бір күні мені жеке бөлмеге қамап кетті. Ішінде еш нәрсе жоқ. Тек қана ортасында турник құрулы тұр. Бұл не, мені турник ойнасын деп қойған ба деп таңдандым. Байқасам, бір уақтарда бөлме қатты жылынып, бірте-бірте ысып барады. Табаным күйіп барады. Саса бастадым. Не қыларымды білмей, жан қысылған соң, құрулы тұрған турникке асыла кеттім. Көп тұруға қолым шыдамай барады. Турниктен қолымды жіберейін десем, табаным ыстыққа тиіп күйетінін сезіп тұрмын. Жандалбасамен турникке асылып, қолым қарысып қалыпты. Бір кезде өздері келіп мені босатып алды. Тағы да есім кірген соң, «қолқойдың» астына алды. Көнбедім. Екі-үш күн өткен соң кешегі бөлмеге тағы апарып қамап қойды. Бірақ турник жоқ. Енді үй ысыса не лаж табамын деп ойланып тұрғанда, бөлменің суи бастағаның сездім. Бөлме суығы үдеп барады, тісім тісіме тимей қалтырап барамын. Өлместің қамын жасап, үйдің ішінде зыр жүгірдім. Тоқтасам қатып қаламын. Жүгіре-жүгіре, талып түссем керек. Ес-түссіз жатқанда тағы да өздері сүйреп алып шықты. Шамасы сырттан бақылап тұрса керек. Өрең дегенде есімді жиып, басымды көтергенде тағы да қағазды алдыма қойды...

Таңертең тағы да тергеу басталды. Тергеуші түлкі бұлғаққа салды. Жылы сөйлеп: «Өз басыңды, бала-шағанды ойласаңшы», - деп, қамқорси түсті. «Мына қағазға қол қой да, бізбен қоштасып үйіңе кетсеңші», - деп қағазды нұсқады. Менің қоймайтынымды білгенде, белгі беретін түймесін басып қалып еді, еңгезердей екі жігіт келді де, резина қапшықты басымнан аяғыма қарай кигізіп жіберді, мені құлатып, қапшықтың аузын байлап тастады. Үшеуі таяқпен жабыла ұрды. Есімнен таңдым... Тағы тергеу, мақсаттары – қол қойғызу. «Мына қағазға қол қой, сенің бізге керегің жоқ, қолыңды қой да, үйіңе кете бер. Бізге керегі – Мұхтар Әуезов»- дейді. Бұл естеліктер қатары оқып, естіген жанның ішкі дүниесін мұңға бөлеп, ауыр ойдың түпсіз тұңғығына батыратыны белгілі.

Бүгінде әкенің ғалымдық жолын жалғаған, әкесінің мұрасын жинап, насихаттап жүрген ұрпақтарының бірі – Дина Қайымқызы Мұхамедхан: «Бәріңізге белгілі, әкем 1951 жылдың 1 желтоқсанында сталиндік режиммен жиырма бес жыл бас бостандығынан айырылды.

Басты айып – Абайдың ақындық мектебін зерттегені. Ғалымның сотталғаны, сол кездегі өмірі бөлек зерттеуді қажет етеді деп ойлаймын. Түрмеде әкем бірқатар өлеңдер жазған. Н.Карамзинның «Сормандай Лизасын» аударды. М.Лермонтовтың «Вадимін» – Абай, Пушкиннің «Дубровскийін» – Шәкәрім аударғаны секілді қазақ әдебиетіне қосқан сүбелі үлесі еді. Анам әкеме үнемі рухани демеушілік көрсетіп отыратын. Декабристердің әйелдері сияқты әкемнің қиын ғұмырына ортақтасты. Әкем түрмеге айдалып кеткенде, анам жеті баласымен үйде қалады. Тіпті үйді де «халық жауының отбасы» деп тартып алады. Тар, бір бөлмелі үйде әкем ақталғанша тұрды», - деп әкесі жайындағы қайғының қамытын киген азапты күндерді есіне алады.

Алайда азап араны аждаһадай аузын ашса да, халқын сүйген қамқор жүректі тұншықтырып, найзағай жігерін жасытып, тау бейнесін аласартуға олардың мұршалары жетпеді. Асылында, ұлтына адал берілген абзал азаматтар, Алаш зиялылары осылай болса керек. Себебі, барлығы қазақия жұртына деген нұрлы сүйіспеншілік пен зор құрметтен ортақ нәрленген Алаш күрескерлерінің мақсаты бір, ұлттық мүддесі бірдей асыл арнаға бағытталғандықтан, Қайымдай дарабоздардың бұл сынға төтеп беруі де заңдылық еді. Өйткені, ол жастайынан кешегі ұлтжанды қазақтың біртуар азаматтарының, Алаш арыстарының көзін көріп, аралас-құралас болып, А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, Ж.Аймауытов, М.Әуезовтермен бірге халық тағдырын ойлап, ғибратты ғұмыр кешті. Өзі де Абайдың даналығымен сусындап, Шәкәрімнің шырынды ой маржандарынан нәр алып, қазақтың зеңгір көк аспанында қырандай қалықтап, ізгілік пен тектіліктің, ұлтқа тән адалдықтың ақ жауынын жаудырды.

Ел келешегін ойлаған кемел жүрек иесі Қайым Мұхамедханұлының кісілік келбеті мен адами биігі жайында белгілі алаштанушы ғалым Т.Жұртбай өзінің «Абайдың інісі, Алаштың ірісі» атты мақаласында: «Адам жақсылықты да, жамандықты да өзінің мінезінен табады», - деп Абай айтпақшы Қ.Мұхамедханов та өзінің жеке және ғылыми өміріндегі «алғыс пен қарғысты» сол турашыл, адал мінезінен тапқан. Мүмкін, оның бұлай қалыптасуына үй-ішінің тәрбиесі де әсер еткен шығар. Семейдегі қазақтардың игі жақсыларының басы қосылып, Мұхамедханның шатырлы үйінде Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Халел

Ғаббасов, Жүсіпбек Аймауытов, Мәннән Тұрғанбаев секілді ағалары дәм татып, талай сұхбат құрған. Шәкәрім, Көкбай, Иса, Әміре, Мұхтар, Мағжан, Сәбит Дөнентаев ол үйдің өз адамындай болған. Бұлардың ішінде Мұхтар, Әміре, Исадан басқаларының барлығы да кейін «халық жауы» боп ұсталып кетті. Қайымды өкімет әкесінің үйінен қуып шыққан соң да «шәкірт бала» Алаш ардақтыларынан ат-тонын ала қашқан жоқ. Керісінше, олардың мұрасын тірнектей жинап, сенімді жерге жасырумен болды. Қандай қиыншылықты басынан кешсе де сол үшін түрмеге қамалса да, осынау халық көсемдері жөнінде бір ауыз қиянат сөз айтпады», - дейді.

Қ.Мұхамедханұлы өзі көрген Алаш көсемдері мен олардың ерекше әсер еткен рухани ықпалы жайында былайша баяндайды: «Жоғарыда аты аталған адамдар және Әлихан Бөкейхановтан бастап, белгілі қазақ зиялыларының көбі біздің үйде жатып та жүрген. Жас шағымда Шаһкәрімді де, Көкбайды да көрдім. Семей семинариясында оқып жүрген кезінен бастап Мұхтар(Әуезов) әкеммен жақсы таныс болып, туған інісіндей боп кеткен. Пьесаларын сахнаға даярлау кезінде репетицияларын үнемі біздің үйде өткізген. Мұхтармен бірге Жүсіпбек Аймауытов, Иса ақын, Әміре, Әлмағамбет әншілер де біздің үйде талай болған. Бала кезімнен бастап көріп өскен шындықты айтуға бұрын аузымыз бармайтын еді. Сол шындықтың шет жағасын ашып айтуға да еркіндік ала бастадық. Осы айтылғанның бәрі менің әдебиет әлеміне келуіме себеп болды. 1938 жылдан өлең жаза бастадым».

Алаш ардақтыларының рухани әсер етуімен әдебиет әлеміне қанат қаққан жас Қайым осылайша болашағына бағдаршам, тағдырына темірқазық болатын сара жолды таңдап, рухани тұлғалар ғибратын ғұмырлық ұстанымына айналдырды. Бұл себептен оны Алаш көсемдерінің көзін көрген асылдардың сынығы, ізгілердің ізбасары деп айтуға толық негіз бар.

Дина Қайымқызы әкесі жайлы: «Әкемді түрмеде ыстық, суық камерамен азаптап, тырнағының астына инетіғыпты. Абайдың ақындық мектебі бар деген ұстанымынан бас тартуын талап еткен. Әкем Абайды да, ұстазы Әуезовті де сатқан жоқ. «Карлагта» өткізген бес жыл өмірін көп еске алмайтын. Ұмытуға тырысатын. Алаштықтар атылып жатқанда, менің өмірім не дейсің деп ойладым деп отыратын. Бір адамдық камерада отырғанын Әуезовке айтқанда, Мұхан: «Біз Ташкентте

түрмеде отырғанда Ахметтермен бір сағаттай жолығып, әңгімелесетін едік. Сенің өзің жалғыз отырғаның қиын болыпты» деп жаны ауырса, әкем: «Мұха-ау, менікі люкс қой» деп әзілге сүйейді екен. Бұнысы өмірге деген құштарлықтан, болашаққа деген сенімнен болса керек. Өткенмен өмір сүруге болмайтынын сөзімен де, ісімен де бізге дәлелдеп кетті ғой...»,- деп құнды мағлұматтар береді.

Қайым Мұхамедханұлы өзінің бір үміт, бір қауіпте жүріп өткен өмір өткелдеріндегі асау толқындары мен азапты белестерін еске алып, келешек ұрпаққа ғибрат боларлықтай тәлім мен ізгіліктің шамын жақты. Асыл тілегіне қауышқан қоғам қайраткері өзі жайында былай деп шүкіршілікпен еске алады: «Бүгін жасым жетпістің бесеуіне жетіп, «шал» атанып отырмын. Бұдан 40 жыл бұрын, 1951 жылы, «халық жауы» атанып, 25 жылға сотталып, Карлагтың тар қапас, тас қамауында жатқанда бір ғана тілегім болушы еді. Ол тілегім:

Туған ел – алтын бесік, ұшқан ұям,
Көз жұмылмай тұрғанда қайтіп қиям?!
Тарта гөр, Семейімнің топырағы,
Төстіктей жеріңе мен еркін сыям! –
деп жазған болатын.

Адал ниетпен тілеген ақ тілеуім қабыл болып, туған жер, өскен еліме аман-есен оралдым. Құдайға шүкір, әзірге адам қатарлы өмір сүріп, жер басып жүріп жатырмыз. Мен айдалып кеткенде, тірі жетім болып алты балам қалып еді. Ең үлкені он төрт жаста, одан кейінгілері: он екі, тоғыз, алты, төрт және бір жаста болатын. Енді бір балам іште қалған. Қарағанды лагерлерінің қиын-қыспағында, ауыр азап тартып, жадап-жүдеп, арып-ашып, бір үміт, бір қауіпте, тағдыр таразысының үстінде қасірет шегіп жүрген шағымда, әсіресе шымбайыма батып, жанымды күйзелтетін өз қара басымның қайғысы емес, шиеттей жас қалған балаларымның тағдыры, олардың анасының басына түскен тағдырдың талқысы еді».

Осыншалықты ұлты үшін күйген, ұлт руханиятын сүйген, тағдырдың тарам-тарам жолдарындағы жанын шүберекке түйген сынақ сәттерде сағы сынбай, қорқауларға қарсы тұрған долы дауылдай өр бейнесімен, ер мінезімен халқына адал азамат ұлтына деген жанашырлығын айқын көрсетті, сөзінен еш тайқымады. Азаптың ауырлығы да, темір таяқтың тепкісі де, электр тоғының сүйекті ертер ыстық жалыны да, қаңтардай қатқан мұздай суық тар бөлме де Қайым ағаның табандылығын таптай алмады, найзағай намысы

мен ұлттық болмысын аласарта алған жоқ. Керісінше, ширықтырды, жігерін жанып, еңсегін тіктеді, «қол қойдың» астына алған дөрекі дауыстар мен ызғарлы үндер оның тереңге тамыр жайған тектілігіне балта шаба алмады.

1952 жылы шілде айында ауыр қайғы арқалаған алып жүрек иесі Қайым аға қиырда жүріп, асыл Отаны мен туған атамекенге деген сағыныш пен жақындарына деген құрмет, сүйіспеншілікке толы төмендегі жыр жолдарын жазып, басынан өткізген қайғысын қағаз бетіне түсіреді. «Лагерде жүрген кездегі сезім-сырымды, көңіл-күйімді білдіретін, бұдан 40 жыл бұрын жазылған «Балаларыма» атты өлеңімді тұңғыш жариялап отырмын:

Сағындым да, сарғайдым да жүдедім,
Қайғы отынан өртенгендей жүрегім.
Көңіл қаяу, жүрек баяу соққанда,
Осы өлеңім-дұғам менің тілегім.
Ит боп үріп, мен ешкімді қаппадым,
Қастық жасап, кісіге оқ атпадым,
Алтын көріп, адал жолдан таймадым,
Сұғанақ боп, арам астан татпадым.
Мен кісінің қол созбадым бағына,
Мен ешкімнің таласпадым тағына.
Кең дүниеде жолым даңғыл деп жүріп,
Кез болыппын сүрінетін шағыма.

Карлаг, Теміртау лагері. (Тағдыр және Карлаг)

Тағдырлы ғалымның руханият көсегесін көгерту, ұлттық құндылықтарды жандандыру бағытында жасаған ұшан-теңіз қызметі, ерен еңбегі осыншалықты құрбандықтарды талап етіп, қат-қабат қиындықтар тауынан асып, асыл мұратын асыруға ешбір кедергі келтіре алмады. Оған түрменің тар қапасы да, тергеушілердің мазағы да, кеңестік терордың тегеуірінді алып күші де – қайсар һәм қайтпас Қайымның рухын сындырып, ұлттық идеяға бағытталған жарқын ойларын жүзеге асыруға қарсы тұра алмады. Сондықтан Қайым қашанда өз биігінде, қазақ руханиятының қол жетпес заңғарынан көз тастап, сан қырлы ғалымдық тұлғасымен, қордалы ойларымен қазақ қоғамының даму үрдісіне тың бағыт әкеліп, қомақты үлес қосты. Сондай-ақ әдебиет мұхитына тереңнен сүңгіп, мұзжарғыш алып кемедей су түбінде жатқан асыл маржандарды алып шықты, жай ғана алып шықпай, тыңнан түрен салып, көпке беймәлім болып келген қымбат қазынаны халық игілігіне ұсынды. Қайым ұстазымыздың өзгеден тағы бір ерекшелігі де осында жатыр.

Белгілі ғалым Р.Бердібай: «Қайым көп қырлы тұлға. Оның әр қыры жіті зерттелуі керек. Абайды жетік білген абайтанушы. Ол ешқандай идеологияның қыспағына түспей, ғылыми шындығынан айырылған жоқ. Алашордалықтар мен Шәкәрім мұрасын жарыққа шығаруда Қайым сияқты еңбек сіңірген адам аз. Бүкіл алаштықтар қырғынға ұшырағанда Әуезов пен Қайым қалды. Қайым арқылы біз Бұқар жырау, Шортанбай, Дулат сияқты ақындармен таныстық. Ұлттың рухы Қайым секілді азаматтардың бойында сақталады. Оның мұрасы біздің халқымыздың тарихы мен мәдениетінің қасиетті бөлшегі», - деген болатын.

Ақиқатында, ұлттың рухы Қайымдай қайсарлардың бойында сақталуы нәтижесінде біз көптеген ұлттық мұраларымызбен қауыштық, індетте зерделеуінің арқасында әдебиет майданы мәдени мұралармен молықты, Абайдың ақындық мектебінен нәрленген ақындардың ара жігін ажыратып, осындай тың таныммен таныстық. Сол үшін Қайым Мұхамедханұлы қазақ әдебиетіне деген кеңестік кезеңде орын алған бір жақты тұрпайы түсініктердің түндігін ашып, ғылым әлеміне жарқыраған күн сыйлады, өзінің ғылыми шындығы негізінде жаңа бағыт қалыптастырды. Ғұлама ғалымның бұл бағдарда көрген қиындықтарының өзі айтылмыш пікірдің бұлтартпас айқын дәйегі. Осы орайда академик М.Сильченконың: «...Мұха-медхановқа дейін Абайдың шәкірттері туралы зерттеу еңбегін жазу мүмкін емес еді. Өйткені, олардың шығармалары да, өмірбаяндары да белгісіз еді. Қайым солардың бәрін зерттеп, жүйеге түсірді», - деген әлі күнге дейін өз мәнін жоймаған ғылыми тұжырым.

Ғалым Т.Жұртбай Қайымның адамдық қасиеті жайында: «Ол кісінің жеке басы өте тұйық-тын. Білгенін жинақы ұстайтын адам еді. Оның қолындағы аса сирек құпия деректер туралы бала кезімнен еститінмін. Ұлы Абай мен Мұханның тағдырына қатысты әңгімелерді біліп өскендіктен де Қайым аға маған керемет бір жұмбақ, сонымен қатар мінезді адам сияқты болып көрінетін. «Қайымға шындықты айтқызу қиын, онда сандық бар, сол сандықтың ішінде алтын көмбе бар, сол көмбедегі бүкіл дүние сыртқа шықса, бізде талай-талай шындыққа жауап табылар еді» деген әңгімелер сол кезде-ақ көңіліме қатты ұялаған. Осы ынтызарлық кейін ес біліп, етек жапқан соң ақсақалға таныстыруға алып келді. 1976 жылы мені Қайым ақсақалмен Семейдегі Абай мұражайының директоры

Төкен Ибрагимов жүздестірді. Сондағы үш-төрт сағаттық әңгімеден кейін ол кісі жүр деп сыртқа алып шықты. Сол сәтте Төкен аға құлағым: «Әй, сен қара шалдың шартына толған екенсің. Бар, енді айрылма», - деп сыбыр ете түсті. Содан, Семей шаһарын аралап жүріп сырласқан ұзақ әңгімеден соң, әкелі-балалы адамдардай боп табысып кеттік қой. Бірден кесіп айтайын, алған бетінен қайтпайтын, жақынының өзінен жалғандықты байқап қалса жауынан бетер жек көретін, ұнаса – қырындысыз құлай ұнататын осынау адамға сонан бергі отыз жыл бойына таңқалумен келемін. Қаншама жылы қабақ танытып, бауырына баса еркелеткенімен де, өз басым Қайым ғұламаның алдында үнемі сескеніп тұратынмын. Ол сырты жуас, іші ашуға толы адам еді. Кез-келген адамды мақтай бер, үндемейтін, өзін қоса мінеп, өмірге бейімсіздігін айт, күліп қойып отыра беретін. Ал енді Абай мен Мұханның туралы сөз қозғап, сәл ғана жалған сөйлеші, онда шаруанның біткені! Онда Қайым – арыстан! Атылады да кетеді. Өйткені, өмір сүру мен ғылыми пікір тұжырымдауы тек сол екеуінің ілімі мен тәлімінен үйренген. Ол бұл алыптардан басқа ешкімді мойындамайтын, мойындата да алмайтынсың», - деп пікір білдірген еді.

Мұхамедхан Сейітқұлұлының шаңырағында жиналған Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов келелі жиындары болашақ әдебиет зерттеушісінің ғылымға барар бағытына бағдарлам болып, ұлттық мүддеге негізделген асыл армандарын жүзеге асыруға мұрындық болғандығын ғалым естеліктерінен білеміз. Қ.Мұхамедханұлының ғалымдық, зерттеушілік қырлары сан алуан. Біз қоғам қайраткері, абайтанушы ғалым және Шәкәрім шығармаларын алғашқы насихаттаушылардың бірі, ақын, мұхартанушы ғалымның тек бірер қырларына тоқталамыз. Ұстазымыз, профессор Арап Еспенбетұлы ғалымның абайтанушылығы турасында: «Абайдың ақын шәкірттерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеуге Қайым Мұхамедханұлы тікелей М.Әуезовтің ақыл-кеңесімен келген. Ұстазының нұсқауымен Абайдың ақындық айналасы төңірегінде қыруар деректер жинақтады. Нәтижесінде 1993-1997 жылдары баспа көрген «Абайдың ақын шәкірттері» төрт томдығы қолымызда, жариялануы жалғасып жатқан көп томдық шығармалар жинағының (әзірше 8 томы шықты) дені Абай мен оның ізбасарларына арнаулы

ғалым тындырған еңбектің ұланғайыр екендігіне бұлтартпас дәлел. Абайтану – қазақ әдебиетін зерттейтін ғылымның ең құнарлы саласынан. Сондықтан ол әдебиеттанудың қашан да көкейтесті тармағы қатарында ғалымдар көзауласында болмақ. Абайтанудың көрнекті қайраткері Қайым Мұхамедханов мұрасы құндылығын жоймайды», - деп зерделеген еді.

Алаш арыстарының соңғы тұяғы, асылдардың сынығы, халқының қаһармандық рухын заңғарға көтерген Қайым Мұхамедханұлы қылышынан қан тамған кенестік кезеңнің өзінде-ақ Абайдың ақындық айналасы жайында пікір білдіруі – үлкен батылдық пен табандылықты талап етті. Профессор Айгүл Ісімақова «Қайым Мұхамедханұлы тәуелсіздік кездегі абайтануға қосқан үлесі» тақырыбындағы ғылыми-зерттеу мақаласында: «Абайтанушы Қ.Мұхамедханұлы совет дәуірінде Алаш әдебиеттануының негізгі ұстанымдарын қазақ ғылымына енгізген ғалым. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ы.Мұстамбаев, Р.Марсеков сияқты Алаш абайтанушыларының ғылыми қағидаларын, «Абай-қазақтың бас ақыны» деген теориялық тұжырымды совет кезеңінде өзінің қасіретті тағдырымен дәлелдеп берген ғұлама әдебиетші», - деп тұжырымдаған.

Қарсылар: «Абайдың ақындық мектебі жоқ. Тек марксизм мен ленинизм мектебі ғана бар. Абайдың шәкірттері буржуаз ұлтшылдар, панисламистер, байлар», - деп ұрандатып жатқанда әдебиетші ғалым «Абайдың ақындық мектебі» деген түсінікті М.Әуезовтің бағытымен ғылымға енгізді. Қырқыншы жылдардың өзінде Қайым Мұхамедханұлы зерттеген ақын шәкірттері ғылыми айналымға енді. Ақылбайдың «Дағыстан», «Зұлұс», «Қисса Жүсіп», Мағауияның «Медғат-Қасым», «Еңлік-Кебек», Көкбайдың «Сабалақ», «Кенесары-Наурызбай», Әсеттің «Сәлиха-Сәмені» мен «Евгений Онегин» аудармасы, Әріптің «Біржан-Сара», Тұрағұл мен Әубәкірдің өлеңдері мен аудармаларын жарыққа шығарды. Абайдың ақындық мектебі жайында нақтылы дәйектер келтірді. Ғылымдағы осы бағыты үшін 1951 жылы жиырма бес жылға бас бостандығынан айырылды. Соның өзінде ғылымға тән адалдықпен, қырағылықпен ойға алған Абайдың ақындық мектебін кешенді зерттеп, мәңгілік ел болуға ұмтылған қазақ жұртының мемлекеттік мүддесіне, ұлттық идеясына жол бастайтын

соны серпінмен қыруар еңбек етті, ел игілігі үшін маңызы өте жоғары пайдалы істер атқарды. Санасында сәулеленген ұлттық идеяларымен қазақ қоғамының дамуына сүбелі үлес қосты. Бүгінде Қайым Мұхамедханұлы бейнесі тәуелсіздік аспанында қырандай қалықтап, уақыт көші алға жылжыған сайын замана ұрпақтарының жүрегімен үндесіп, өз заңғарында шұғылалы шуағын шашуда. Көп қырлы ғалымның мұраларын кешенді зерделеу-әдебиеттану ғылымының күн тәртібінде тұрған көкейтесті тақырыптарының бірегейі болмақ.

Т.Жұрбай: «Қайым ағаның ғылымға арнаған елу жыл ғұмырындағы індетте зерттеп, иін қандырған да тақырыбы, бәлкім, ең арналы өмірлік мақсаты мен мұраты да Абай поэзиясының қатпарлы құбылыстары шығар. Ол қай кезде болсын ұлы ақын творчествосының барлық саласына атсалысып, тың тұжырымдар, соны пікірлер ұсынып келді. Атап айтсақ: Қайым Мұхамедханов – ұлы ақын өлеңдерін жинаушы, Абай мұрасының жазылуы, басылуы тарихын зерттеген историограф, үш-төрт басылымына түсініктеме жазған библиограф, Абай шығармаларының дұрыс жазылуын жүйелеген текстолог, Абай және оның ақындық дәстүрі хақындағы монографиялық еңбек бітірген теоретик, сол дәуірдегі әдеби нұсқаларды, ел аузындағы жыр-өлеңді, әңгіме-аңызды қағазға түсірген фольклорист.

Егер жоғарыда аталған әр еңбекті жеке сұрыптап, сала-салаға бөлсек, салмағын сараласақ, бір ғалымның ел, қоғам алдындағы парызын өтеуге осы дүниелерінің өзі артығымен жетіп артылар еді. Алайда, білімге марқаю, ізденіссіз шиырға бой алдыру Қайым ағаға тән мінез емес-тін. Ол сонау ежелгі әдебиет тарихынан бастап, бүгінгі күнгі Мұхтар Әуезов шығармаларының толық басылымына дейін өзінің зерттеу объектісіне айналдырды. Сегіз серінің әндері, Әлиханнның, Ахметтің, Мағжанның, Жүсіпбектің қайраткерлігі, Көкбай, Әріп, Мағауия, Ақылбайдың ғұмырнамалары – бәрі-бәрі де назарында болды. Тіпті жоғарыдай сан-салалы зерттеумен шектеліп қалмай, «Ер Білісай», «Комиссар Ғаббасов» атты пьеса да жазды. Соның барлығында да Қайым Мұхамедхановқа тән ғылыми дәлдік өлшемі, ой тереңдігі белгі беріп тұратын», - дейді.

Айтылмыш пікірдің төркініне ой жүгіртсек, Қайым Мұхамедханұлының ғалымдық тұлғасынан нағыз ғұламаларға тән әмбебаптық сипаттардың мол екендігіне көз жеткіземіз.

Қайым ұстазымыздың ғалымдық биігімен қатар адами биігінің қазақы тектілік пен парасат заңғарынан бастау алғандығы, ғылымға тән адалдығы, қарапайымдылығы, батылдығы, қайраткерлік ғұмырындағы ұлтқа деген сүйіспеншілік сезімі, жанашырлығы, көшбасшылығы әрбір әрекетінен көрініс табады.

Дина Қайымқызы әкенің адалдыққа нұсқаған асыл ұлағатын былай деп сағынышпен еске алады: «Әкем өмір-бақи ғылымға адал болуға тырысты. Шәкірттерінен барынша ғалым шығарғысы келді. Ғылымдағы нақтылықты сүйді. Ұмытылып бара жатқан есімдерді қалпына келтіру мен әділетсіз айтылмай жүргендерді жарыққа шығаруды ойлады. Өз әкесі туралы өте көп білді. Екеуі де халық үшін ғұмыр кешкен жандар еді. «Адал өмір сүріндер, қарапайым болындар, адам қалпында қалыңдар!», - деген сөз әкемнің аузынан жиі шығатын. Тіпті, бала күнімізде естіген сөзіміз. Ұмыту мүмкін емес. Соңғы бір сұхбатында: «Бақыт

деген еркін болу, шындықты айтудан қорықпау. Тек солай ғана өмір сүру керек. Адам үшін осы маңызды» деген болатын. Ол осындай тәрбие көрді, осылай ғұмыр кешті, балаларын да соған тәрбиеледі».

Қайым Мұхамедханұлындай ғұламаның рухани жан дүниесін жарып шыққан ізгі ойлары адалдық бесігінде тербетіліп, шыншылдық шырайымен нұрланып, күллі қазақ даласына тағылым мен тектіліктің, қайтпас қайсарлықтың, бір сөзділік пен нақтылықтың жарқын үлгісін көрсетіп тұрғандай.

Ғылымның қайыспас қара нары, ғалымдықтың Құлагері, ақиқаттың алдаспаны мен кемеңгерлік көсемі болған Қайым Мұхамедханұлы мұрасы – әрдайым тәуелсіз Алаш аспанының аясында, қазақ елінің ұлттық құндылықтарымен қатар мәңгілік жасай бермек! Халық үшін ғұмыр кешкен толағай тұлғалар қашанда халқының жүрек-мұхитының терең иірімдерінен, сәулелі сана төрінен ойып орын алатындығы ақиқат.

Иманжапар Мұрат Тлегенұлы

Лауазымы: филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Ленин көшесі 11

Ұялы. Тел: +7 778 9202007

Ғылымның қайыспас қара нары – Қайым

Иманжапар Мурат Тлегенулы

Должность: кандидат экономических наук, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Ленина 11

сот. тел: +7 778 9202007

Несгибаемый труженник науки – Қайым

Imanzhapar Murat Tlegenuly

Position: Candidate of filology Sciences, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Lenin St. 11

Mob.phone:+7 778 9202007

The laborer of an unbending spirit